

Үй-жайларды республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 наурыздағы N 232 Қаулысы

"Мемлекеттік мүлікті мемлекеттік меншіктің бір түрінен екінші түріне беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 қаңтардағы N 81 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Астана қаласы әкімінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің теңгерімінен Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11 мекен-жайы бойынша орналасқан ғимараттағы жалпы алаңы 13542,3 шаршы метр үй-жайларды республикалық меншіктен Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы
ұ с ы н ы с ы қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен және Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен үй-жайларды қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын жүзеге
а с ы р с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы н ы ң

Премьер-Министрі